



# ӘСКЕРІ

# ZANĠGER

Gazet 2017 jylđyń qańtar aıynan  
bastap shyǵady  
Газета издається с января 2017 года

№5 (88) - маусым/июнь 2024 jyl/года

Respublikalyq áskeri-quyqytq gazet / Республиканская военно-правовая газета

## ПОД ЗНАКОМ ДРУЖБЫ

**В АЛМАТЫ ПОДВЕЛИ ИТОГИ X МЕЖДУНАРОДНОГО ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО СБОРА МОЛОДЕЖИ «АЙБЫН». МЕРОПРИЯТИЕ, ПРИУРОЧЕННОЕ К 100-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ГЕРОЯ СОВЕТСКОГО СОЮЗА, ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ № 1 ПЕРВОГО МИНИСТРА ОБОРОНЫ КАЗАХСТАНА ГЕНЕРАЛА АРМИИ САГАДАТА НУРМАГАМБЕТОВА, ОСТАВИЛО САМЫЕ ЛУЧШИЕ ВПЕЧАТЛЕНИЯ У ВОСПИТАННИКОВ ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКИХ КЛУБОВ, ВОЕННЫХ ШКОЛ И УЧИЛИЩ.**



В военно-патриотическом сборе приняли участие 750 человек в составе сборных из Азербайджана, Беларуси, Казахстана, Кыргызстана, России и Узбекистана.

Казахстанские команды были представлены регионами, военно-патриотическими клубами Вооруженных сил РК, других войск и воинских формирований, столичным Военным колледжем Министерства обороны РК, республиканскими школами «Жас ұлан», специализированным лицеем «Арыстан» и областными военными школами-интернатами.

С завершением состязаний юных патриотов поздравил заместитель министра обороны генерал-майор Шайх-Хасан Жазыкбаев.

— Мероприятие, к которому вы тщательно готовились, завершилось. Состязания показали вашу эрудицию, физическую подготовленность, умение работать в команде. Новые друзья, интересные встречи и яркие впечатления, думаю, останутся в вашей памяти навсегда. Удачи вам и успешного развития, — пожелал замминистра.

В церемонии награждения также принял участие заместитель председателя РОО «Ветераны Вооруженных Сил» генерал-майор в отставке Марат Нагуманов. Он подчеркнул, что международный масштаб

сбора говорит об уважении молодежи к подвигу героев Победы и преемственности поколений. Участие представителей разных стран позволяет улучшить качество ее подготовки к таким состязаниям.

По положению сбора главный приз получает победитель финальной игры «Күшіміз бірлікте», в которой приняли участие лучшие в своих категориях команды. В этом полном экстрима состязании выиграла сборная республиканской школы «Жас ұлан» имени Талгата Бегельдинова г. Караганды. Капитану этой команды и был вручен Гран-при X Международного военно-патриотического сбора молодежи «Айбын-2024».

Организаторы также подвели итоги всех видов состязаний по категориям. Среди команд государств-участников первое место занял Казахстан, который представляли кадеты столичного Военного колледжа Министерства обороны имени Сагадата Нурмагамбетова. На втором месте — сборная Узбекистана, на третьем — команда Минского суворовского военного училища из Беларуси.

В категории регионов победил военно-патриотический клуб «Айбын» Ақмолинской области, на второй позиции команда «Арыс» Туркестанской области, на третьей — «Абай қырандары» области Абай.

Среди военно-патриотических клубов Вооруженных сил, других войск и воинских формирований лучшей признана команда «Жас десантшылар» Десантно-штурмовых войск, на втором месте — «Болашақ» регионального командования «Юг», на третьем — «Бес қару» Сил Воздушной обороны.

По республиканским школам и областным военным интернатам первое место заняла республиканская школа «Жас ұлан» г. Караганды, второе — специальная мужская школа-интернат «Жас ұлан» г. Семей области Абай, третье — специализированный лицей «Арыстан» Алматинской области.

Победители состязаний были награждены кубками, медалями, дипломами и памятными подарками.



**ӘСКЕРІ ОРТАДА  
ҚЫЛМЫСҚА ОРЫН ЖОҚ**

стр. 3

**ӨМІР  
ІРІМДЕРІ**

стр. 4

**«ТЕКТІДЕН ТЕКТІ ТУАДЫ,  
ТЕКТІНІҢ ЖОЛЫН ҚУАДЫ»**

стр. 8

# ЗА МУЖЕСТВО И САМООТВЕРЖЕННОСТЬ

**УКАЗОМ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА ЗА МУЖЕСТВО И САМООТВЕРЖЕННОСТЬ, ПРОЯВЛЕННЫЕ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ ПРОТИВОПАВОДКОВЫХ МЕРОПРИЯТИЙ, ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ БЫЛИ УДОСТОЕНЫ ВЫСОКИХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НАГРАД – ОРДЕНА «АЙБЫН» II СТЕПЕНИ И МЕДАЛИ «ЖАУЫНГЕРЛІК ЕРЛІГІ ҮШІН».**

В Акорде Президент Касым-Жомарт Токаев вручил орден «Айбын» II степени командиру войсковой части 99250 полковнику Расулу Закирову. Под его руководством бригада территориальной обороны Западно-Казахстанской области участвовала в защите населенных пунктов. Работы проводились в круглосуточном режиме и требовали огромного напряжения в плане их организации и обеспечении безопасности личного состава.

Колоссальная нагрузка легла на плечи летного состава Вооруженных Сил. Экипаж вертолета Ми-8 под командованием заместителя начальника Военного института Сил воздушной обороны полковника Амангельды Макишева занимался поиском, спасением и эвакуацией местного населения в Западно-Казахстанской области.

В аналогичных мероприятиях были задействованы начальник группы руковод-

ства полетами отдела боевой подготовки войсковой части 19132 г. Астаны подполковник Миршат Сагиндиков и командир батальона курсантов Военного института Сил воздушной обороны подполковник Асхат Шафиев.

В ходе организации водной переправы отличился ВрИД командира взвода понтонно-мостового батальона войсковой части 58012 г. Конаева сержант третьего класса Захиджан Каримов.

При проведении берегоукрепительных работ в Западно-Казахстанской области свои лучшие качества проявил инструктор по боевой и физической подготовке десантно-штурмового батальона войсковой части 18404 сержант 3 класса Амангельды Базарбаев.

Их самоотверженный труд отмечен медалью «Жауынгерлік ерлігі үшін», которую в своей резиденции им вручил Глава государства.

Девятерым военнослужащим государственные награды в торжественной обстановке будут вручены по месту службы. Ордена «Айбын» II степени удостоился старший инспектор – летчик управления боевой подготовки Управления командующего Военно-воздушными силами полковник Кайрат Тугелов.

Медалью «Жауынгерлік ерлігі үшін»



награждены командир звена и заместитель командира эскадрильи учебного авиационного центра Военного института Сил воздушной обороны майоры Жанибек Бекбаулиев и Бибарыс Ибраев, штурман авиационной эскадрильи войсковой части 19132 майор Асхат Сеилов, старший офицер отдела инженерных войск штаба Управления командующего войсками РГК «Запад» подполковник Тимур Закиров, заместитель командира войсковой части 30238 подполковник Сакен Шуганов, заместитель командира роты войсковой части 35748 старший лейтенант Жасулан Бирибаев, старший специалист войсковой части 31775 ефрейтор Асан Тілеубай, старший инспектор – летчик управления боевой подготовки Управления

командующего Военно-воздушными силами полковник Владимир Семенов.

Напомним, военнослужащие Вооруженных Сил были задействованы в Актюбинской, Атырауской, Западно-Казахстанской, Акмолинской, Костанайской, Северо-Казахстанской, Карагандинской, Восточно-Казахстанской областях и в области Абай. За два месяца их силами укреплены береговые линии рек и дамбы протяженностью 183 км, заготовлено около 3,5 млн мешков с песком, проведена дезинфекция объектов общей площадью 766 га. Экипажами вертолетов армейской авиации эвакуировано более 3,5 тыс. граждан и перевезено около 280 тонн груза.

## «ДАЛА СҰҢҚАРЫ-2024»

### Совместными усилиями боевое задание выполнено!

**В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ ЗАВЕРШИЛОСЬ СОВМЕСТНОЕ ТАКТИКО-СПЕЦИАЛЬНОЕ УЧЕНИЕ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ КАЗАХСТАНА И КЫРГЫЗСТАНА «ДАЛА СҰҢҚАРЫ-2024». НА ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНОМ ЭТАПЕ УЧЕНИЯ ЗА ЕГО ПРОВЕДЕНИЕМ НАБЛЮДАЛИ КОМАНДУЮЩИЙ ВОЙСКАМИ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМАНДОВАНИЯ «ЮГ» ГЕНЕРАЛ-МАЙОР КУАНЫШБЕК УШТАЕВ И ПРЕДСТАВИТЕЛЬ ГЕНЕРАЛЬНОГО ШТАБА ВООРУЖЕННЫХ СИЛ КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ ПОЛКОВНИК АДІЛ КЕНЕШ УУЛУ.**

Завершилось учение проведением тактического эпизода, в ходе которого смешанный контингент из состава военнослужащих Казахстана и Кыргызстана совершил огневой налет на базовый район условного противника и его уничтожение. Накануне этого тактического эпизода руководитель учения полковник Нурлан Карибаев в деталях проинформировал командующего войсками регионального командования «Юг» генерал-майора Куанышбека Уштаева о подготовке к активной фазе учения. Он дал высокую оценку уровню боевой слаженности совместных действий подразделений Казахстана и Кыргызстана.

Прежде, чем достичь такого взаимодействия, военнослужащие обеих стран на протяжении всех десяти дней учения оттачивали свои навыки и профессиональное мастерство в ходе практических занятий. Сводными группами они обошли всю горную местность Таласского хребта. Цель была одна: действуя в горах скрытно, обнаружить базовый лагерь условного противника.

– Выполняя задачи в горных условиях, группы проявляли находчивость и смекалку, использовали искусство следопытства, маневры совершали таким образом, что



заставали противника врасплох, – прокомментировал действия сводных групп начальник разведки Регионального командования «Юг» полковник Ербол Сергазин. – В целом сводные подразделения с поставленной учебно-боевой задачей справились, все возложенные задачи по поиску и уничтожению условного противника в горах выполнили. И наши бойцы, и бойцы Вооруженных Сил Кыргызстана показали высокую боевую выучку и слаженность.

От Казахстана, помимо горно-егерского полка, в учении приняли участие представители Военно-воздушных сил: летчики Шымкентской авиабазы и операторы Таразского центра боевого применения беспилотных авиационных систем. Беспилотники вели воздушную разведку местно-

сти для обнаружения целей, а с помощью вертолета группы были доставлены в район огневого налета на противника.

– Главными целями и задачами этого учения стали, во-первых, налаживание дружеского взаимоотношения между нашими государствами и Вооруженными силами, а во-вторых, обмен опытом, – подчеркнул командующий войсками Регионального командования «Юг» генерал-майор Куанышбек Уштаев. – Вооруженные Силы обоих государств должны делать все для того, чтобы сохранить нашу целостность, целостность наших территорий и границ.

Завершение учения ознаменовалось взаимным обменом памятных подарков, а также вручением наград и грамот за достижения в боевой подготовке, а также за победы в дружеских спортивных соревнованиях, которые были проведены в ходе учения между занятиями и тренировками.

– От имени руководства Вооруженных Сил Кыргызской Республики хотел бы выразить признательность руководству Вооруженных Сил Казахстана, особенно, Регионального командования «Юг» за организацию и проведение совместного тактико-специального учения «Дала сұңқары-2024», – сказал представитель Генерального штаба Вооруженных Сил Кыргызской Республики полковник Адил Кенеш уулу. – Данное учение позволяет нам бороться с проявлением международного терроризма и экстремизма. Участники учения получили большой опыт, укрепив совместное сотрудничество и взаимодействие.

В ходе церемонии закрытия учения от-



дельные слова благодарности кыргызстанская сторона высказала командиру горно-егерского полка подполковнику Алмасу Отыншынову. Гостей восхитили уровень боевой, горной, огневой и спортивной подготовки бойцов полка, а также оснащенность воинской части и обустройство военного городка.

Подводя итоги совместного тактико-специального учения «Дала сұңқары-2024», военные руководители подчеркнули, что отработка совместных задач в ходе международного учения показала, что военнослужащие Казахстана и Кыргызстана результативно обменялись опытом и повысили уровень взаимодействия, что является важным и актуальным для укрепления региональной безопасности.

**Дина МУХАРИНОВА,  
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),  
пресс-служба Таразского гарнизона**



## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНІ ТАЛҚЫЛАДЫ

**«ШЫҒЫС» ӨҢІРЛІК ҚОЛ-БАСШЫЛЫҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ-ШІЛЕРДІң ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗ-МЕТІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМ ӨКІЛ-ДЕРІ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ БАСЫНДА ЖИЙН ӨТКІЗДІ.**

«Отбасы орталығы» қоғамдық қорының президенті Жанна Жибраева, қордың атқарушы директоры Людмила Асташкина, Абай облысы балалар құқықтары жөніндегі өкілетті, облыстық мәслихат депутаты Эльзира Жүнісова отбасы құндылықтары жайында ойларын ортаға салды. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшы-



Алуа Искакова

раған әйелдердің, балалардың құқығы мен мүддесін қорғау үшін қоғамдық қор заңгерлік және психологиялық тегін көмек көрсетіп, әрі қарай күйзеліс орталығында бейімделу кезеңінен өтуге қолдау жасайтыны да жеткізілді.

Басқосуда отбасындағы зорлық-зомбылық қоғамның өзекті мәселесі болып тұрғандығына баса назар аударылды. Отбасындағы зорлық-зомбылық ретінде бағаланатын іс-әрекеттер мен олардың түрлері, отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясына әсері және тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллингтен қорғау шаралары да талқыға түсті.

Әскери қызметшілердің отбасында моральдық-психологиялық ахуалды нығайту, әскерилердің рухани-адамгершілік әрі мәдени-тұрмыстық жағдайын арттыру мақсатындағы кездесулер әскери қызметшілердің балалары оқитын мектептердің психологтарымен, кәмелеттік жасқа толмаған балалар ісі жөніндегі инспекторлармен және учаскелік полиция қызметкерлерімен бұған дейін бірнеше мәрте ұйымдастырылған. Мемлекеттік органдардың мамандарымен біріккен іс-шаралар алдағы уақытта да өткізілетін болады.

## ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫН ТАМАШАЛАДЫ

**ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ 54380 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ САРБАЗДАРЫ МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШПАЕВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫН ТАМАШАЛАДЫ.**

Түрлі жәдігерлермен толыққан облыстық тарихи-өлкетану мұражайына сарбаздар арнайы келіп, олар мұражай экспозициясымен танысты.

Мұхамеджан Тынышпаев атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 1974 жылы 1 наурызда Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің шешімімен құрылған. Ал, 1993 жылы мұражайға белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, қазақтың тұңғыш инженері Мұхаметжан Тынышпаевтың аты берілді.

Жаһандану жағдайында мұражайлардың тарихи мұраны сақтау, патриотизм мен азаматтылыққа тәрбиелеуде өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда мұражайлардың алатын рөлі ерекше. Мұражайға саяхат жасау ол ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.

– Бүгінгі іс-шараның басты мақсаты сарбаздардың елін, жерін сүюге, бірлік пен ынтымақтастықты жақтауға, өзге ұлт

өкілдеріне құрметпен қарауға, ұлттық құндылықтарымызды мақтан етуге тәрбиелей отырып «Біртұтас ел – біртұтас жер» қағидасының идеологиялық мазмұнын сарбаздардың сезінуіне қалыптастыру болып табылады, – деді 54380 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары майор Асхат Оспанов.

Мұражайды аралау сәтінде сарбаздар көптеген тың мәліметтерден құлағдар болды. Танысу барысында мұражай қызметкері оларға мұражайдағы көне тарихтың куәсі болған құнды жәдігерлер туралы айтып, қызықты мәліметтер туралы сыр шертті. Мұражай аралау сәтінде сарбаздар үлкен ұлы сезім, патриоттық рухқа бөленді. Сарбаздар үшін және қоғам үшін мұражай тәрбиенің қайнар көзіне айналмақ!

Айта кетсек, бүгінгі күні мұражай қорын 24 524 экспонат құрайды, оның ішінде 10934 экспонат негізгі қорға жатады. Мұражай залдары қала тұрғындары мен қонақтарына өлкенің бай әрі сұлу табиғаты мен өткен және қазіргі тарихы туралы сыр шертеді.

**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі**



## ӘСКЕРИ ОРТАДА ҚЫЛМЫСҚА ОРЫН ЖОҚ



**ҚАРАҒАНДЫ ӨҢІРЛІК ГАРНИЗОНЫ, ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ КОМИТЕТІНІҢ №30 МЕКЕМЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРЛЕСІП, АУДАН АУМАҒЫНДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗДІ.**

31775 әскери бөлімінің әскери қызметшілерімен барынша қауіпсіз түзеу мекемесін аралаған мамандар, жазасын өтеушілердің қателіктері сабақ болса екен

дейді. Сонымен қатар, аталған іс-шарада профилактикалық бөлімнің бастығы әділет подполковнигі Жарқынбек Молдаханов сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтарды жасау бойынша қылмыстық заңнама талаптарын жеткізді.

– Алдын алу шараларына әскери қызметшілер қатысты. Профилактикалық іс-шаралар сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған, сотталған азаматтарды көріп, әр азамат әскери ортада қылмысқа орын жоқ екендігін сезінеді, – деп атап өтті Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасы профилактикалық бөлім бастығы, әділет подполковнигі Жарқынбек Молдаханов.

## ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – ӘР АЗАМАТҚА МІНДЕТ

**КОНСТИТУЦИЯНЫҢ 36-БАБЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ҚОРҒАУ ОНЫҢ ӘРБІР АЗАМАТЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗЫ ЖӘНЕ МІНДЕТІ ЕКЕНІ АЙҚЫНДАЛҒАН.**

Жыл сайын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жеке құрамын жасақтау мақсатында азаматтарды әскери қызметке шақыру жүзеге асырылады.

Әскерге шақыру тәртібі мен ерекшеліктері «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (әрі қарай – Заң), сондай-ақ өзге де заңнамалық және заңға тәуелді актілермен реттеледі.

Әскерге шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органдарға («әкімдіктер») жүктелген, бірақ қоғамда барлығына «әскери комиссариаттары» деп аталатын жергілікті әскери басқару органдары жауапты деген қате пікір қалыптасқан.

Олардың ең өзектісі болып табылатын азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруға толығырақ тоқталайық.

Осылайша, Заңның 31-бабына сәйкес, азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен Үкіметінің қаулысы негізінде жылына 2 рет жүзеге асырылады.

Әскерге шақырылуға 18 жастан 27 жасқа дейінгі, мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ, тиісті физикалық және моральдық-психологиялық қасиеттері бар азаматтар жатады.

Әскерге шақырудан кейінге қалдыруды немесе босатуды қамтамасыз ету негіздерін еркін түрде қолжетімді Заңның 35



және 36-баптарында білуге болады, ал бұл үшін үшінші тұлғалардан көмек (кеңес) сұрау талап етілмейді.

Жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі әскери қызметтің беделі мен тартымдылығын арттыруға бағытталған бірқатар шешімдер қабылдайды.

Мәселен, 2022 жылдың күзінен бастап Қорғаныс министрлігінің бастамасымен әскерге шақырылғандарға «несиелік демалыс» беру жүйесі жұмыс істейді, ал

ерекше көзге түскен сарбаздарға еліміздің 50-ден аса жоғары оқу орындарына түсу үшін жеңілдіктер қарастырылған.

Жастар арасында жоғары патриоттық сананы қалыптастыру мақсатында оқу орындарының базасында және одан тыс жерлерде «Айбын» республикалық оқу-жаттығу жиындары өткізіліп, «Жас сарбаз» клубтары құрылуда.

Дегенмен, әскерде қызмет өткеруге ниет білдірушілердің саны артып жатқан жоқ.

Өркімнің өз себептері бар, бірақ азаматтың құлықсыздығы оны кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырудан босатуға негіз болып табылмайды.

Сонымен қатар, әскери қызметтен жалтарғаны үшін заңда белгіленген әкімшілік және қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

Осыған байланысты Ақмола гарнизонының әскери прокуратурасы жастарды Отан алдындағы конституциялық борышын өтеуге және Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар қатарында қызмет етуге шақырады.

**Ақмола гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры Б. Нұрмаханбетов**

## Қадірменді оқырман!

Қалам ұстаған қауымның төл кәсіби мерекесіне орай газеттің айқарма бетіне «Сарбаз» газетіне еңбек сіңіріп жүрген тілшілер мен тұрақты авторлардың жеке шығармашылығынан материалдар ұсынғанды жөн көрдік. Жазушылық – Жаратқаннан берілген қабілет қой, олардың осы бағыттағы жұмыстарына тек сәттілік тілейміз.



Алу ИСКАКОВА  
«Сарбаз» газетінің «Шығыс» өңірлік  
қолбасшылығындағы тілшісі

## ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫН МАҚТАНЫШ ТҰТАМЫН

**БАЛА КҮНІМДЕ «ӨСКЕНДЕ КІМ БОЛАСЫҢ?» ДЕП СҰРАҒАНДА, МЕН «ТІЛМӘШ, ТІЛШІ БОЛАМЫН» ДЕП ЖАУАП ҚАЙТАРЫНМЫН. АЙТУЫН АЙТҚАНМЕН, ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДЫҒЫНЫҢ БАР ЕКЕНДІГІНЕН МҮЛДЕМ ХАБАРЫМ ЖОҚ ЕДІ.**

Қалай дегенмен адамның бойына Алланың дарытқан қабілеті жарып шықпай қоймайды екен. Ұлы Отан соғысында із-түссіз жоғалып кеткен атам Мұхамметжан Исаков туралы дерек іздеу барысында Әбу атамен тағдыр жолымызды тоғыстырды. Менің алғашқы өлеңдерімнің, шағын мақалаларым мен әңгімелерімнің сыншысы болған да, ақ батасын берген де – есімі қазақ әдебиетінің тарихында алтын әріппен жазылған жанашыр ұстаз, дарынды драматург, суреткер жазушы Әбу Сәрсенбаев. Майдангер журналистпен шығармашылық бағыттағы байланыс Алматыға алып келді. Сәтін салып, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетіне түстім. Академик Зейнолла Қабдолов, қазақ сатирасының сардары Үмбетбай Уайдин, тау тұлғалы ұстаздар Темірбек Қожакеев, Әбілпейіз Ыдырысов, Ержан Бектұрғанов, Марат Барманқұлов және тағы да басқа көрнекті корифейлердің көзін

көріп, дәрісін тыңдадым. Журналистикадағы қадамымның тұсауы Семей облыстық телерадиокомпаниясында кесілді. Алғашқы уақытта «Семей» жаңалықтар қызметінің тілшісі, кейін «Қазақстан» ұлттық телеарнасының Семей өңіріндегі меншікті тілшісі болдым. «Сарбаз» газетіне 2008 жылдың соңында келдім.

Бүгінде әскери саланың жілігін шағып, майын ішкен журналистер некен-саяқ. Менің ойымша, әскери тілші атанбас бұрын, ауқымы сан қырлы әскери саланың «отымен кіріп, күлімен шығу» керек. Армияның тәртібі өзгеше, мұнда «жүрдім-бардымға» салынуға болмайды. Полигондардағы оқу-жаттығулардың ортасында болып, әскери қызметшілердің далалық жағдайдағы тұрмыс-тіршілігі мен жауынгерлік іс-әрекеттерін өз көзіңмен көруің қажет. Қыстың аязында, жаздың аптап ыстығында, күз бен көктемнің ызғарлы желінде жауынгерлермен бірге иық тіресе жүріп жазған дүниеңе ештеңе жетпейді. Еліміздің Қарулы Күштерінде журналист қызметін атқару барысында талай жақсы-жайсаңдармен сұхбаттастым. Уақыт өткен сайын талапқа сай бейімделіп, шапшаң қимылдап, шеберлігімді де шыңдап, тәжірибе жинақтап келемін. Менің мамандығым – менің мақтанымым!

## «МІНСІЗ МҮСІННІҢ СЫРЫ»

**1991 ЖЫЛДЫҢ ЖАЗ КЕЗІ. ҚАЗМУ-ДІҢ БІРІНШІ КУРСЫН АЯҚТАП, АЛҒАШҚЫ ПРАКТИКАДАН ӨТУ ҮШІН СЕМЕЙДІҢ ТЕЛЕВИДИЕНЕСІНЕ КЕЛГЕН БЕТІМ.**

**ТҮСКІ АС УАҚЫТЫНДА АДАМ АЯҒЫНЫҢ САЯБЫРСЫҒАНЫН ПАЙДАЛАНЫП, «МАШБЮРОНЫҢ» МАШИНАСЫНА ОТЫРА КЕТКЕНІМ СОЛ ЕДІ. ЕСІКТІ АШЫП ДИКТОР ҚАРЛЫҒАШ АПАЙ, ОНЫҢ СОҒЫНАН СҮРІНЕ-ШАЛЫНА ҚАЗАҚ РЕДАКЦИЯСЫНДАҒЫ ТІЛШІ ТІЛЕГЕН АҒА КІРДІ. ЕКЕУІ ЕШКІМ ЖОҚ ДЕП ОЙЛАСА КЕРЕК. ТІРІ ЖАН БАР-АУ ДЕП МЕН ЖАҚҚА КӨЗДЕРІН САЛМАДЫ ДА.**

- Тілешжан, біреу-міреу көріп қойса дұрыс түсінбей қалады.  
- Ғашықтың тілі – тілсіз тіл...  
- Ғашықтық-машықтығыңды қой сен.  
- Тым болмаса бетіңнен бір сүйейінші енді, - деп ағай өкшесін көтерді.  
- Әуре болма, бойың жетпейді.  
- Бойым жетпесе, міне, қолым жетеді, - деп быртқан бармақтарын апайдың тостаған төсіне созды.  
- Дәмесінің зорын қара!  
- ...Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде, Құриды ынтызарым сен дегенде.  
Аршын төс, алма мойын, беу, қарағым.  
Бал татыр сілекейің шөлдегенде, - деді құшағын аша.  
- Қой, тарт қәне, қолыңды ербедетпей.  
Түкте жоқ деймін ол жақта, - деді диктор апай.  
- Төсің қандай қосарланған!  
- Түу, көретін түк жоқ дейм онда. Дым

жоқ. Түсінемісің? Әй, сен де бірқоймадың-ау, мә саған, деді де Қарлығаш апай жейдесінің құшағындағы қос анарға қолды салып жіберді. Кезек-кезек ішіндегісін шығарып жатыр, шығарып жатыр. Үстелдің үсті өңкей жасанды дүниеге толып кетті. Капрон шұлықтар, кішкентай баланың нәскиі, мақтаның үзігі. Ал керек болса!

Тілеген аға аң-таң. Үйбәй, емшек қайда? - деп күбір етті.  
- Не дедің? ..

Әлгінде ғана құмарлығын жырға қосып, жүрегі бұлқынған ағайда тіл жоқ. Көздері шарасынан шыға жаздап тұр. Ойын жинақтай алмай, қаққан қазықтай қақиып қалған. Енді ше? Ынтызар көңілінің қалағаны осы ма еді?

Қарлығаш апай «көрсететінімді көрсеттім, ендігісін өзің біл» дегендей, кіп-кішкентай емшек тартқышын қайта толтырып алды да, түк болмағандай шығып кетті. Тілеген аға шалбарының қалтасынан қыртыстанған қол орамалын шығарып, езуіндегі сілекейді сүртті. Отыруға оқталды да, ойланып біраз тұрды. «Мұнысы несі екен?» Басын шайқады да, сыртқа беттеді.

Бағанадан демімді ішке тартып, тырп етпей отырған мен ақырын орнымнан қозғалдым. Әлгі екеудің әрекетін түсінбей далмын. Қуыстанып, әлдебір қылмыс жасаған адамдаймын. Қазақ редакциясына бара жатып, есігі айқара ашылған студияның дәл ортасында эфирге шығуға дайындалып отырған Қарлығаш апайға көзім түсті. Сол екі арада киімін ауыстырып, қасы-көзін бояп, әлдегіден де ажарланып алыпты. Етегі еденге тәгіле, жарастыра киген ақ көйлегінен төсі томпылып тұр. Мінсіз мүсіннің арғы жағынан сан түрлі сыр сығалап тұрғандай көрінді маған.

## ӨМІР ИРІМДЕРІ

Рима ӘБЕУОВА  
«Сарбаз» газетінің сарапшы редакторы

**«Сарбазға» келгелі де біраз болыпты. Небір жағдаяттарды көрдік. Хикаяттарды да бастан кештік. Соның бірді-екілісін назарға ұсынайын.**



«...Мақалам шықты ма деп сұрай берген»

Ераға (Ерғазы Әсембеков) бас редактор болған кезде редакцияға марқұм Құдайберген Медиманов жиі келетін. Жай келмейтін, жұмыстағы компьютерге отырып, жазуын жазып кететін.

Кейде сол ағамыз бізге бас сұға алмаған жағдайда дүниесін поштаға жіберетін. Қай уақыттан әдеті сол, ертеңінде-ақ редакцияға күнұзақ телефонға тыным бермейтін. Онысын білетін Ерағамыз тұтқаны көтере: «Әлейкүмсалам Меди-Аманов Құдайберген, мақалам шықты ма деп сұрай берген» деп ұйқастырып жіберуші еді.

**Қанымды іштің ғой...**

Бірде айы-күні жақындаған немере әлкем үшін қан тапсыру қажет болды. Сабылып отырып қан тапсыру орталығына бардым. Ол жердегілер түр-тұрпатыма қарайды да, «саған болмайды» деп қайтарып жібереді. Не істейтінімді білмей дал болып отыр ем, Ақан аға «мен донор боламын» деді.

Қуана қайыра қан орталығына бардық. Ағаның тау тұлғасын көріп, ондағылар «міне, бұл кісінің жөні бөлек» деп жұмыстарына кірісіп, екі кісінің есебіндегі көп мөлшерде қан алды.

Содан шыға салып Ақан аға (ол кезде бас редактордың орынбасары): «Әдетте бастықтар қызметкерлерінің қанын ішуші еді, сен керісінше менің қанымды іштің ғой» деп әзілдесін.

**Бізге жақсысын берген**

Редакциямызда бір кездері Андрей Шацкиң, Олег Таран, Бахтиер Пулатовтар (Бахтиер әлі де әріптес) қызмет етті. Бәріміз бір ұжымда «бір терінің пұшағын» иледік. Ойын-күлкіміз бір, салт-дәстүріміз де біте қайнасып кеткен. Ананың, мынаның тойы демейміз. Қай діннің өкілі болса да бір-бірімізді құттықтап, тілекші боп жүреміз.

Сондай бір жиындарда адамшылықтарына риза болған Жансая (Жансая Сыдықбай): «Біздің ұжым күшті ғой. Бұл ортаға Құдайдың өзі өзге ұлт өкілдерінің игі жақсысын берген», дейтін еді.

**«Жібер деді, жібердім»**

Редакцияда бір отбасындай күй кештік. Қазақтылыққа салынып, ағалы-қарындасты сыйластығымыз да болды. Ерағамыз бар, Ақан ағамыз бар, Сұлтан ағамыз бар. Әр ағамыздың орны ерек.  
Бірде сол ағалардың бірі Сұлтанбек Бақытгүлге: «Туысқандардың хаты еді, осыны мына мекенжайға жіберіп бере қойшы» деп өтініш жасайды.

Бақытгүл (Бақытгүл Абайқызы)

қайдан білсін, өтінген екен, қол қайырымын бере қояйын деп, барынша ол істі тиянақты атқарып береді. Сөйтсек, ағаның көздегені басқа екен. Ішімізде отырып, ор қазыпты. Бақытгүл болса, күйініп жүр. «Жібер деді, жібердім, мен қайдан білейін» деп қояды.

Осы жайттан кейін әлгі ағамыз арамызда сүйкімін кетіріп алды.

**Оңай дейсіз бе?!**

Күнделікті жұмыс күні. Тілшілердің мойнында – бір-бір мақала. Арай да (Арай Сүгірбай) көлемді мақала жазуға кірісіп кеткен. Мәлімет жетіңкіремегеннен жазуы біраз бөгелді.

Ерағаң (Ерғазы Әсембеков) болса, күтіп әлек. Бетті толтырып, қаттауға беру қажет. Содан не керек, Ераға шыдамай, Арайдан сұрау салады.

Сол кезде пұшайман болып жатқан Арай: «Ой, аға, қызық екенсің, мақала жазу оңай дейсіз бе?» демесі бар ма. Осылай жауап беруін беріп алып, «үлкен кісіге қатты айттым-ау» деп, ақталайын деп жатқаны сол еді, Ерағаң қарқылдап күліп жіберді. Бізге қарап, «рас-ау, мақала жазу оңай дейсіңдер ме?» деп, Арайдың тауып айтқанына ырза болып жатыр.

Кейін арамызда бұл сөз мәтел болып кетті.

**Ұл-қыздарыма тиіспе**

Бір жылдары жоғары жақ жиынға жиі шақырды. Жаңа басшы бас редакторды орынсыз сөгеді. Үлкен кісі демейді, бәріміздің көзімізше балаша ұрсып та тастайды. Не керек, «отырсақ опақ, тұрсақ сопақ» болдық.

Көпті көрген кісі ғой. Біз түсіне алмаған жайтты Ераға бірден түсініп, «мына ұл-қыздарыма тиіспеңдер, көздегендерің кресло болса, босатып берейін» деп орнынан бас тартып, уақытша демалысқа кетті.

Сөйтсек, базбіреулер жоғары жаққа редакция туралы жақсақ пікір жеткізіп, Ерағаның қызметіне көз тіккен екен.

**Өкініш**

Екі жұмадан соң бізге қаралы хабар жетті. «Сарбаздықтар» Ерағасыз қалдық. Тірісінде қош дей алмағандықтан, ол кісі жайлы білген-түйгенімді жазып, газет бетіне беруді жөн көрдік. Сөйтіп, қатталған беттер бағанағы жаңа басшының алдына түседі. Біраздан соң сол беттерді алуға Арай барса, әлгі ағамыз толқып отыр дейді.

«Қап, әттеген-ай! Мына кісімен жарты сағат болса да бірге отырмаппын ғой. Танымаған екенмін, қандай адам болған!..» деп өкінген екен.

**P.S. Көзкөргендерден көп естелік бар. Оның бәрін тізбектей беру келмес. Айтар әңгімесі мен бөлісер естелігі таусылмайтын осындай жандармен жолым түйіскеніне ризамын.**



## КОНЦЕРТ У ВОДЫ

**ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКИЙ КОНЦЕРТ «ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАНДАРЫ» СОСТОЯЛСЯ В СТОЛИЦЕ НА НАБЕРЕЖНОЙ РЕКИ ЕСИЛЬ.**

Репертуар образцово-показательного оркестра Национальной гвардии был разнообразным. Наряду с традиционными для

военного оркестра служебно-строевыми песнями в концертных программах творческого коллектива звучат произведения народной, классической, а также современной эстрадной музыки, такие как «Сәй-гүлік», «Аузынан айдың түскен қыз», «Боз жорға», «Сені сүйем» и другие.

Военнослужащие роты Почетного карау-




ла продемонстрировали приемы с оружием. Также для жителей и гостей столицы выступил Ансамбль песни и танца Национальной гвардии МВД РК.

- Сегодня по поручению заместителя министра внутренних дел - Главнокомандующего Национальной гвардии генерал-лейтенанта Еркина Ботаканова и при поддержке акимата района «Сарыарка» мы проводим информационно-агитационную работу в формате военно-патриотического концерта «Ұлы Дала Ұландары». Мы информируем население о том, как выполняют задачи наши подразделения, чем занимаются в быту военнослужащие по призыву и по контракту. Основная цель – это проведение разъяснительной работы с жителями столицы и выработка положительного имиджа военнослужащих, – сказал заместитель командира воинской части 5573 Национальной гвардии РК подполковник Тимур Рахимов.

Помимо концертной программы, на набережной реки Есиль была организована фотовыставка с изображениями боевой деятельности войск правопорядка.

- Мы живем здесь рядом и часто видим уличных музыкантов выступающих и играющих на разных инструментах. Но сегодня, когда увидели музыкантов, состоящих из большого количества людей в военной форме, заинтересовались и решили выйти. И ведь не пожалели. Концерт очень пона-



вился, особенно дефиле гвардейцев с оружием. Действительно, подобные мероприятия вдохновляют молодежь и вызывают чувство патриотизма, – отметила жительница Астаны Вера Александровна.

Следует отметить, что военнослужащие уделяют большое внимание таким формам творческой деятельности, как патриотические концерты, проведение информирования граждан о задачах и службе военнослужащих.

**Пресс-служба Национальной гвардии МВД РК**

## РЕШИТЕЛЬНЫЕ ДЕЙСТВИЯ И БДИТЕЛЬНОСТЬ

**ГВАРДЕЕЦ ВОИНСКОЙ ЧАСТИ 6699 ЕФРЕЙТОР ЖАНАСБЕК ПЕРМАБЕК, НАХОДЯСЬ В ОТПУСКЕ, ВМЕСТЕ СО СВОИМ ТОВАРИЩЕМ ДАУРЕНОМ ТОКТАГАНОВЫМ ГУЛЯЛ ПО УЛИЦЕ ПРОТАЗАНОВА НА БЕРЕГУ РЕКИ УЛЬБИ. ВДУРГ, УСЛЫШАВ КРИК О ПОМОЩИ,**

**ОНИ ЗАМЕТИЛИ ТОНУЩЮЮ В РЕКЕ ДЕВУШКУ.**

Доехав к месту происшествия на машине, они незамедлительно принялись спасать ее. Ефрейтор Пермабек, влывшись в бурное течение реки, вытащил

девушку из воды и передал в руки Даурена Токтаганова.

- Девушка едва держалась за ветку дерева. Я подплыл вдоль ивы, схватил ее за запястье и потащил на берег. Поскольку течение там было сильное, мы боялись, что ветка не выдержит наш вес. Однако все закончилось благополучно, – говорит Жанасбек.

Жанасбек Пермабек в рядах Национальной гвардии с 2011 года. Военнослужащего представят к награде правами командующего Региональным командованием «Шығыс» НГ РК.



## НАДЕЖНЫЙ РЕЗЕРВ АРМИИ

**СИСТЕМА ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ОБОРОНЫ НАШЕЙ СТРАНЫ БЫЛА ОБРАЗОВАНА СЕМЬ ЛЕТ НАЗАД. ИМЕННО ТОГДА ЗА НЕЙ ЗАКРЕПИЛСЯ СТАТУС ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ ВОЙСК ВООРУЖЕННЫХ СИЛ, ПОЛНОМОЧИЯ МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ ПО УПРАВЛЕНИЮ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫМИ ВОЙСКАМИ, А ТАКЖЕ ПОЛНОМОЧИЯ МЕСТНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ПО ИХ СОДЕРЖАНИЮ.**

С момента обретения Казахстаном независимости тероборона претерпела множество изменений. Так, бригады теробороны функционировали как коммунальные государственные учреждения местных исполнительных органов, которые входили в состав Вооруженных Сил только во время мобилизации.

Комплектовались такие учреждения, как правило, бывшими военнослужащими. Позже бригады были преобразованы в воинские части и включены в состав Вооруженных Сил.

В наши дни в зону ответственности бригад территориальной обороны входят задачи по обеспечению охраны и обороны населенных пунктов, защита населения, борьба с десантно-диверсионными и террористическими группами противника, обеспечение режима военного положения в отдельных местностях, ведение вооруженной борьбы на временно захваченной противником территории. Кроме этого, на бригады территориальной обороны возложены обязанности по обеспечению общественной безопасности.

В мирное время войска территориальной обороны содержатся в сокращенном виде и разворачиваются лишь при введении военного положения путем призыва военнообязанных из числа местного населения.

Военнослужащие территориальной обороны – это офицеры и контрактники, которые проходят ту же самую подготовку, что и военнослужащие в регулярных войсках, то есть в войсках теробороны разработан план бое-

вой подготовки, согласно которому военнослужащие ТрО проходят занятия по государственно-правовой и боевой подготовке. Они выполняют практические стрельбы, бегают марш-броски, а также для них проводятся теоретические (классные) занятия.

Важнейшей задачей войск территориальной обороны является подготовка боеспособного резерва. Для этого раз в год в бригадах теробороны проходят сборы военнообязанных (тактико-строевые учения), в которых принимают участие прошедшие службу граждане, офицеры запаса. Для каждого из них такие сборы предусмотрены раз в пять лет.

- В ходе этих сборов отрабатывается боевое слаживание. Согласно плану занятий,



в течение десяти дней для военнообязанных предусмотрены практические стрельбы, марши. Каждый из них проходит службу по своей военной специальности, что дает большое преимущество в знаниях, которые они могут применить в случае необходимости. По итогам сборов, согласно штатно-должностной категории, военнообязанным присваивается очередное воинское звание, – отмечает командир бригады территориальной обороны резерва Западно-Казахстанской области полковник Расул Закиров.

Стоит подчеркнуть, что военнообязанные, призванные на сборы, защищены законом. В частности, во время проведения сборов за ними сохраняется их рабочее место и выплачивается средняя заработная плата, все они обеспечиваются обмундированием и ставятся на положенное довольствие.

В свою очередь военнослужащие теробороны обеспечены социальным пакетом, включающим жилье, начисление пособий и компенсаций, медицинское и вещевое обеспечение. Военнослужащие также освобождены от налоговых вычетов.

- В случае, если военнообязанный не явился на сборы, то происходит его замена. После проведения сборов совместно с Департаментом по делам обороны проводятся поисковые мероприятия. Это нужно, потому что в военное время данный гражданин прикреплен к нашей бригаде. Стоит добавить, что до проведения сборов военнообязанные оповещаются об их начале нашими офицерами заранее, –

говорит Расул Закиров.

Войска территориальной обороны регулярно принимают участие в республиканских учениях. В 2023 году в области Жетысу и Северо-Казахстанской области состоялось межведомственное учение «Бекет-2023», в котором приняли участие бригады теробороны.

С 26 марта и по сей день военнослужащие бригады территориальной обороны ЗКО принимают участие в ликвидации масштабных паводков. Командиром бригады теробороны было выделено сто человек, которые работали посменно в круглосуточном режиме (по 30 человек, 10 – в резерве). Усилиями военнослужащих бригады было эвакуировано 459 человек, 85 голов мелкого рогатого скота, а также бойцы уложили 26900 мешков с песком, укрепив береговую линию на протяжении 50-90 км.

Сегодня военнослужащие бригады продолжают укреплять дамбы, а также оказывают помощь в разгрузке гуманитарной помощи. Полковник Расул Закиров отмечает, что бригада теробороны проделала большую работу. По его словам, каждый был готов помочь.

Слова благодарности в адрес бойцов высказал аким области, представители других силовых структур, а также спасенные жители в эвакуационных пунктах.

Подразделения ТрО принимали участие в ликвидации ЧС в других регионах Казахстана. Так, бойцы территориальной обороны участвовали в ликвидации паводков в Туркестанской области в 2020 году и в тушении лесных пожаров в Костанайской области в 2022 году.

Особенно стоит отметить их работу в период чрезвычайного положения во время пандемии COVID-19, когда впервые в истории страны были развернуты войска теробороны с призывом военнообязанных. Они несли службу на блокпостах, в патрулях и оперативном штабе.

В целом применение войск территориальной обороны подтвердило свою действенность и продемонстрировало высокий уровень патриотизма наших граждан.

**Нариман ДЮСЕНОВ**

## ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ ҚАПЕРГЕ САЛЫНДЫ

**ШЫМКЕНТТЕ «ОҢТҮСТІК» Өңірлік қолбасшылығының механикаландырылған бригадасының әскери қызметшілерімен жазғы оқу кезеңі басталар алдында қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша кешенді нұсқау-әдістемелік сабақтар өтті.**

Сабақтар барысында әскери қызметшілер жауынгерлік даярлық бағдарламасының іс-шараларын және күнделікті қызметті орындау барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау қағидаларымен танысты.

Әскери бөлімнің аумағында жауынгерлік техника паркі аймағында, казармалық үй-жайларда, спорттық және қарауыл қалашықтарында, тактикалық алаңда және әскери қызмет атқаратын басқа да орындарда көрнекі құралдарын пайдалана отырып оқу орындары ұйымдастырылды. Техника мен қару-жарақпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік талаптарын бұзу салдарын толық көлемді макеттер мен манекендерде көрсетуге ерекше назар аударылды.

Сабақ жетекшілері жанар-жағармай материалдарын пайдаланудағы қауіпсіздік шараларын сақтау, қаруды дұрыс қолда-



ну, шаруашылық жұмыстарды және өртке қарсы қауіпсіздікті, дене шынықтыру жаттығуларын орындау бойынша нұсқаулықтар өткізді, сондай-ақ техниканы пайдалану ерекшеліктері мен қызмет көрсету тәртібі түсіндірілді. Сондай-ақ, өрт және электр қауіпсіздігі ережелерін сақтау, түрлі жарақаттар алған кезде алғашқы көмек көрсету бойынша нұсқаулық өткізілді.

Бригада командирі полковник Әмірқожа Айтқожин атап өткендей, сабақтарды тәжірибелі нұсқаушылар өткізеді. Олар ішкі және күзет қызметін атқару, сондай-ақ аумақта ішкі тәртіпті ұйымдастыру кезінде туындауы мүмкін негізгі проблемалық тақырыптарды айқын көрсетеді.

– Әскери қызметші бөлімде немесе отбасында жұмыс істеген кезде кез келген қауіптің алдын алуға дайын болуы керек. Біз әскери техникада жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша профилактикалық жұмыс жүргіземіз. Техника мен қару-жараққа қызмет көрсету жұмыстары барысында жеке құрамға қауіп-



сіздік шараларының талаптарына жауап беретін қажетті жағдайлар жасалады, әскери қызметшілерді барлық қажетті материалдық жағдайлармен қамтамасыз етеді, - дейді әскери бөлімнің командирі полковник Әмірқожа Айтқожин.

Қауіпсіздік талаптары бойынша сабақтар Қарулы Күштердің әскери қызметшілерін жауынгерлік даярлау жоспарына сәйкес жеке құрамның 100% тарта отырып, 1 маусымда басталатын жазғы оқу кезеңі қарсаңында өтті.

**Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі**

## «ЖАС ҰЛАН» МЕКТЕБІНІҢ МЕРЕЙТОЙЫ

**БИЫЛ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ САБЫР РАХЫМОВ АТЫНДАҒЫ ШЫМКЕНТ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ЖАС ҰЛАН» МЕКТЕБІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 40 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. ОСЫ КҮНГЕ ОРАЙ ҮШІНШІ МЕГАПОЛИСТІҢ «АСТАНА» АЛАҢЫНДА МЕКТЕПТІҢ 198 ТҮЛЕГІ ҮШІН ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ ТУРАЛЫ АТТЕСТАТТАРДЫ ТАПСЫРУ САЛТАНАТТЫ РӘСІМІ ӨТТІ. БІР САПТА ЖАСҰЛАНДЫҚТАРМЕН БІРГЕ БІЗДІҢ КЕҢ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН АРНАЙЫ КЕЛГЕН АЛДЫҒЫ ТҮЛЕКТЕРДІҢ БАРЛЫҚ ҰРПАҚТАРЫ БАС ҚОСТЫ.**

Іс-шараға құрметті қонақтар ретінде Қорғаныс министрінің кеңесшісі Айгүл Төлембаева, әскери білім және ғылым департаментінің бастығы полковник Мұрат Олжабаев, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Айдын Кәрімов, Қарулы Күштер, Ауған соғысы және Чернобыль қозғалысы кеңестерінің төрағалары, сондай-ақ «Жас сарбаз» патриоттық клубының тәрбиеленушілері қатысты.

Белгіленген уақытта ұландар алаңға саптық қадаммен шықты. Әскери оркестрдің үнімен Мемлекеттік ту белгіленген жерге шығарылды. «Түзел, тік тұр! Ортаға сап түзе!» пәрменінен кейін мектеп бастығы полковник Пернехан Орынбеков мектеп

түлектеріне аттестаттарды тапсыру салтанатты рәсімін өткізуге дайын екендігі туралы баяндама жасады.

Құттықтау сөздерін естіген ұландардың үш рет «Ура!» айқайлауынан соң, Қорғаныс министрінің кеңесшісі Айгүл Төлембаеваға құттықтау сөзі берілді. Ол Қорғаныс министрі атынан ұландарға оқуын сәтті аяқтағаны туралы жылы лебіздерін жеткізді.

– Сіздер Қорғаныс министрлігінің оқу орнын аяқтадыңыздар, білім туралы алғашқы құжаттарыңызды алып, бүгін өмір жолының жаңа кезеңін бастаудасыздар. Мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілері сіздермен өз білімдері мен өмірдің тәжірибелерін толықтай бөлісті. Олар сіздердің оқу күндеріңізді қуанышқа және жаңалықтарға толы қылуға тырысты. Барлығыңызды белсенді азамат қылып, өз Отанының нағыз патриотына айналуына атсалысты. Осы орайда мұғалімдерге, шабытты еңбектері үшін, өскелең ұрпаққа деген шыдамдылығы мен қамқорлығы үшін рақметімді айтамын, - деп қорытындылады Айгүл Төлембаева.

Оқу орнының бастығы полковник Пернехан Орынбеков атап өткендей, Шымкент республикалық «Жас ұлан» мектебі 40 жыл бойы Отанның үздік ұлдарын тәрбиелеп келеді. Жыл сайын бұл түлектер Қорғаныс министрлігінің, ҰҚК, ТЖМ және ҚР ІІМ жоғары оқу орындарының курсанттары атануда.

– Мен барлық түлектерге бейбіт аспан мен жақсы қызмет тілеймін. Бүгін бітіріп жатқан ұландарымыз, ертең әскери саланың қыр-сырын меңгерген, айтулы азаматтарға айналады деп сенемін. Бұл сала оңай емес. Үлкен жауапкершілікті талап етеді. Баршаңызға сәттілік пен денсаулық тілеймін, - деді Пернехан Басарбекұлы.

Қонақтардың құттықтау сөздерінен кейін түлектер қоштасу вальсын орындады, ал гарнизон әскери қызметшілері көрермендерге

атыс, жарылыс және кепілге алынғандарды босату сияқты жауынгерлік дайындық элементтерін көрсете отырып, шоу-бағдарламаны ұсынды. Алаңда әскери оркестр де өз өнерлерін көрсетті.

Салтанатты шара соңында түлектер, мектеп басшылығының алдында салтанатты саптық шерумен өтіп, осы сәт үшін алдын ала жинаған тиындарын аспанға лақтырды, бұл – олардың болашағының жарқын мансабын білдіретін дәстүрлердің бірі.

Айта кетсек, әскери мектеп Шымкент қаласында 1984 жылы мамырда құрылған. Бастапқыда ол орыс тілі мен әскери мамандықты тереңдетіп оқытатын мектеп-интернат ретінде жұмыс істеген. 1992 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен мектеп республикалық әскери-мектеп болып өзгертілді. 2003 жылы әскери мектеп-интернатқа Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Сабыр Рахимовтың есімі берілді. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 26 қыркүйектегі қаулысынан кейін оқу орны Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағына өтті.

Осы жылдар аралығында мектеп 4000-нан астам түлек дайындады, олардың ішінде 7 генерал, 200-ден астам полковник және 3 ғылым өкілдері бар. Олардың барлығы қазіргі уақытта Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құрылымдар қатарында қызмет етеді. Олардың қатарында Қорғаныс министрінің тыл және әскери инфрақұрылым жөніндегі орынбасары генерал-лейтенант Қаныш Әбубәкіров, Қорғаныс министрлігінің Бас инспекциясының бастығы генерал-майор Дәулет Оспанов, Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы авиация генерал-майоры Руслан Кунуров, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының бастығы генерал-майор Бауыржан Ибатулин бар.



## ТҮЛЕКТЕРГЕ АТТЕСТАТ ТАБЫСТАЛДЫ

**ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДА ЕКІ МӘРТЕ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ АТЫНДАҒЫ «ЖАС ҰЛАН» МЕКТЕБІН 179 ОҚУШЫ ТӘМAMДАДЫ. САЛТАНАТТЫ ШАРАҒА «АСТАНА» Өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары полковник ШӘКЕН ЖАРЫЛҚАСЫНОВ, ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ АРДАГЕРЛЕРІ МЕН ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ-ЖАУЫНГЕРЛЕР ҚАТЫСТЫ. ОЛАР САЛТАНАТТЫ ЖАҒДАЙДА ЖАСҰЛАН-**

**ДЫҚТАРҒА АТТЕСТАТТАРЫ МЕН АЛҒЫС ХАТТАРДЫ ТАБЫС ЕТТІ.**

Қарағандылық «Жас ұланның» көптеген тәрбиеленушілері әскери әулеттердің ізбасарлары, сондықтан олар мектепті бітіргеннен кейін ата-анасының жолын қуып, әскерлік мамандықты таңдайды. 150 мектеп бітіруші жоғары әскери оқу орындарына түсуге шешім қабылдаған.

«Жас ұланда» екі жыл оқу барысында мен лайықты білім алып, тәртіпті және

физикалық тұрғыдан төзімді болдым. Мектепте алған білімнің барлығы Құрлық әскерлерінің Әскери институтына түсуіме және оны сәтті оқуыма көмектеседі. Болашақта мен де атам сияқты республикамыздың лайықты офицері болғым келеді, - дейді жас түлек Дәулен Бекежан.

Салтанатты бітіру кешінде Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студент қыздары жасұландықтармен мың бұрала вальс биледі. Іс-шара мектеп оқушыларының қоян-қолтық ұрыс элементтерін көрсетуімен және салтанатты маршпен аяқталды. Биыл қарағандылық «Жас ұланға» – 40 жыл. Құрылған жылдар ішінде мектепті 5000-нан астам оқушы бітірді, олардың арасында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының орынбасары генерал-майор Сәкен Жүсіпов пен Құр-



лық әскерлерінің бас қолбасшысы, генерал-майор Асан Жүсіпов, сондай-ақ Таулы Қарабақтағы әскери операциялардың ардагерлері және Чернобыль атом электр станциясының зардаптарын жоюшылар да бар.



# «ТЕКТИДЕН ТЕКТИ ТУАДЫ, ТЕКТИНІҢ ЖОЛЫН ҚУАДЫ»

**МАЙДАННАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАР... ТУҒАН ЖЕРГЕ, ТУҒАН-ТУЫСҚА, БАУЫРҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШҚА ТОЛЫ САРҒАЙҒАН ХАТТАР... ОЛАРДЫҢ БІЗДІҢ КҮНГЕ ЖОҒАЛМАЙ ЖЕТКЕНДЕРІ НЕКЕН-САЯҚ. СОНЫҢ БІРІН БҮГІН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.**

ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, генерал-майор Марат Нағұманов жастармен кездесулерде, патриоттық іс-шараларда атамның майданнан жазған хаты еді деп бір-екі шумақ өлең оқып қалатын. Жақында Марат ағамен сөйлескенде сол хаттың толық нұсқасы бар ма деп сұрадым. Құдай ондағанда бар екен.

Бұл – ауыздан-ауызға тарап, ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, бүгінгі күнге жеткен майдангердің жүрекжарды, бәлкім соңғы сөзі. Ол, әрине, кәсіби әдебиетші немесе ақын-жазушы емес. Ол қазақ даласынан соғысқа аттанған миллионнан астам қарапайым қазақтың бірі болатын. Сондықтан өлеңінің көркемдігі жағына көп көңіл бөлмеген жөн. Ең бастысы, ол соғыстағы жалпы хал-ахуал мен көңіл-күйді дәл береді, шынайы шыққан. Ауылдағы туған-туыстары мен бауырларының, достарының аттарын жеке-жеке атап, сәлем жолдайды.

Майданнан жазылған хаттың авторы – қатардағы жауынгер Рауель Әжікеев. 1904 жылы Ақмола облысы, Молотов ауданы, (қазіргі Зе-

ренді) Қостомар ауылында дүниеге келген. Соғысқа дейін ауыл шаруашылығы училищесін бітіріп, туған колхозында әуелі кеңсе хатшысы, сосын сол колхоздың төрағасы болады.

1942 жылы майданға аттанып, 61-ші армияға қарасты Суворов және Кутузов орденді Қызыл Тулы Новоград-Волынский дивизиясының 744-ші полкінің сапында шайқасып, Белев қаласын азат етуге қатысады. Сол шайқаста жарақат алып, далалық госпитальда көз жұмады. Тула облысы, Белев қаласындағы бауырластар зиратында жерленген. Шамасы осы хатты сол госпитальда жатқанда жазған болу керек деп топшылаймыз.

«Тектіден текті туады, тектінің жолын қуады» дейді қазақ. Отан үшін жан берген қатардағы жауынгер Әжікеев Рауель де, бүкіл саналы ғұмырын Отан қорғау ісіне арнаған генерал-майор Марат Нағұманов та XVIII ғасыр-



да жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста даңқы шыққан атақты Жайылған батыр Малбақтыұлының ұрпақтары. Енді мына қызықты қараңыз, Рауель Тула түбінде жатыр, ал Жайылған батыр Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген. Қазағымның қаны қайда төгіліп, басы қайда қалмаған деген міне, осы.

Көп ұзамай, осы маусым айының соңында Көкше жерінде ұрпақтары Жайылған батырдың 330 жылдығын атап өтпек. Сол жерде «жүрегінің түбіне кір қалдырмай» ішкі сырын өлеңмен айтып кеткен қарапайым қазақ солдаты Р.Әжікеевтің де рухына арнап құран

бағышталмақ. Ерлікті ұмытпау қашанда елдікті ұлықтау.

**Әбубәкір Смайылов, ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты**

Сөйлесін қызыл тілім бір азырақ,  
Бос қалған әр өнерден біздің қазақ.  
Совет пен Германия соғысында,  
Немістен біз көрдік қой қиын азап.

Тұрасың бір-бірінді тани алмай,  
Кеңесіп, жөн сұрасып сөйлесе алмай.  
Қалдарын бір-бірінің білісуге,  
Аяғын қадам жерге бір баса алмай.

Оралған біз түстік қой темір торға,  
Жер қаздық күндіз-түні жан қорғауға.  
Темір тор қай уақытта жазылады,  
Ақыры бұл жұмысты өзің оңда.

Кездесер іс емес қой мұсылманға,  
Бақ біткен қырық шілтер өзің оңда.  
Бұл сапар қиын жолдан аман қайтқан,  
Тәубеге түскенім ғой енді сонда.

Баса алмай аяғымды дірілдеймін,  
Үн бітіп, сөйлей алмай күрілдеймін.  
Жазықсыма, жалғыз жанға қаза бер деп,  
Күніне үш уақыт мен тілеймін.

Болады Ресейдің жері батпақ,  
Еңбектен үсті-басың сатпақ-сатпақ.  
Көк бұлтты жарқыраған бір көрмейсің,  
Мұнартып тұрады екен қара бұлттай.

Саусағым жорғалап қал түгел күнде,  
Қызыл тіл сөйлеп бір қал көлбең күнде.  
Туған жер өсіп-өнген қымбаттығы,  
Шуласып, ыңылдастың жеңілгенде.

Бұл заман не болады байқағанға,  
Бұлғандап қызыл түлкі аңдығанға.  
Азырақ бір-екі ауыз сөз жазамыз,  
Елдегі кемпір мен шал, қалғандарға.

Адамды топырақтан жаратыпты,  
Халықты бір адамға қаратыпты.  
Өлген соң туған адам бәрін-дағы,  
Қағаз бен қалам алып сынатыпты.

Адамзат бір-бірімен бақа-талас,  
Бұл сөзім шарифатқа мүлдем жалас.  
Соғыс пен сақа бала қырғын талқан,  
Қалыпты кейінгіге содан мирас.

Бір жауыз Гитлер деген адамзатты,  
Жемісті кеңес елі болдық тәтті.  
Байлық пен тығыз жатқан байтақ елге,  
Бір түнде хабарламай оғын атты.

Атандық ел қорғауға орыс-қазақ,  
Жолында бұл соғыстың көрдік азап.  
«Бейнет түбі – береке» деген бар ғой,  
Немісті басып алып, қылсақ мазак.

Біз кеттік Ақмоладан Батыс жаққа,  
Барамыз қарсы тұрған атыс жаққа.  
Ажалдың бір оғынан сақтасын деп,  
Ойланып сыйынамыз жалғыз һаққа.

Ал енді өзімді айтып жазамын сөз,  
Кигенім – тірі кебің, көйлегім – боз.  
Қызыл тіл артық сөйлеп, қате тисе,  
Ағайын, кәрі-жасың сонымды кеш.

Түкті тау туып-өскен сен емес пе,  
Ауылы көшіп-қонған жер емес пе.  
Аралап ойнап-күліп жүре-тұғын,  
Жағалай біте қонған ел емес пе.

Аман бол, үлкен-кіші, аға-жеңгем,  
Бармайтын қалың тойға мешіл мен кем.  
Көмектес үй ішіне, Жапар аға,  
Серәлі ол да кетті барлық сенген.

Болатжан, айналайын, жаным саған,  
Көрсетсін есен-аман сені маған.  
Бір шерней маңдайыңнан мәпелеген,  
Жүдетпес аман болса сені папаң.

Уатпай тоқтатайын осы сөзді,  
Тапсырдым бір Құдайға жалғыз сені.  
Көп ойлап, май шірітіп күйзелмейін,  
Сақтасын сені үйде, мені түзде.

Аман бол, жас балапан, жаным, еркем,  
Жасы жеткен кемпір мен шал саған сенгем.

Жерінің қыраттысы жоқ, майда балшық,  
Қарсы алдына аяқ бассаң кіреді асық.  
Өңі бар бір адамды көре алмайсың,  
Бұл жақта заман ақыр тіпті жақын.

Жер қайда сахарадай шалқып жатқан,  
Мал шулап есі кетіп бала шапқан.  
Қала кілем түгіндей құлпыратып,  
Сары арқа сар даланың жері жатқан.

Сылдырай сары арқадан су ағады,  
Жерінен Ресейдің қан тамады.  
Сарыарқа сары бозаң еске түссе,  
Көзден жас уа, дариға, домалайды.

Болатбек, Төлеубекпен болдық жолдас,  
Өң беріп жүдеді ғой бауырым Елжас.  
Жел соғып, боран болса қозғалмайтын,  
Еркі мен елде жүрсе қара бір тас.

Нөмеке, аманбысың, ататайым,  
Далада бейнет көрді-ау құлынтайың.  
Бет келіп бір ауыз сөз айтпасаған,  
Серғазы, аманбысың, ағатайым.

Мұсахмет хат жазам деп Әлімбайға,



Жүретін ойнап-күліп інің қайда,  
Шал-құйрық қанатыңнан түгел ада,  
Шалқақтап жүретұғын күнің қайда.

Мағауы, Нұрғалимен аман болсын,  
Бауырды сағынбайтын наданбысың.  
Сағынып, сарғайдым туыстарды,  
Хат жазып амандыққа нанбаймысың.

Бауырым, Серке жаннан алдым хабар,  
Пайда жоқ уайымнан ешбір табар.  
Әлсіреп жүдеген соң жазғаным ғой,  
Аман бол, жақсы көрер ағам Жапар.

Көл болып, қамыт киіп, болдым лаңқа,  
Жүретін ширатылып көрген тоқта.  
Атақтап бас-басына кеп жазуға,  
Қайтейін осы күнде көңіл жұқа.

Қалдым ғой палатада аяқ ақсап,  
Отырмын осы таңда жалғыз қақсап.  
Басында билігі жоқ сол емес пе,  
Кетті ғой Влас бауырым мені тастап.

Қайтейін, аман болшы, бауырларым,  
Азайды осы күнде менің халім.

Ақыры бұл болмыстан не болар деп,  
Сағынып сарғайған соң жазған хатым.

Рауель менің атым мұны жазған,  
Қызыққа бас аман да кімдер тойған.  
Жапана көңілдегі жазғаным ғой,  
Аман бол, туған-туыс кейін қалған.

Сөз жазған өлең қылып бір-екі ауыз,  
Рауель, менің атым сөзді терген.

Жолдасым хат жазамын, Жәкең саған,  
Жетімдік ғұмырыңа саған жазған.  
Ай күнгі кешіккеннің оқасы жоқ,  
Тілей гөр ана аяуын Батимадан.

Бірге өстік Серке, Әлкебай балапандай,  
Тақылдап сөйлеп кеттің тіл мен таңдай.  
Бойы өсіп, бұғанасы қатпағандар,  
Заманың не болады әлдеқандай.

Хат алмай ел жағымнан болдым алаң,  
Мен неге күйзелемін Болат аман.  
Қатесін естігендер сөкпеніздер,  
Аяғы осыменен болсын тамам.

Республикалық  
әскери-құқықтық газет



Республиканская  
военно-правовая газета  
Издается  
ТОО «ГИС Әскери медиа»

Заведующий отделом  
Тимур АУБАКИРОВ

Заместитель директора  
по печатным СМИ  
Тимур КУБЕКОВ

Заведующий отделом  
Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Корреспонденты:  
Нариман ДЮСЕНОВ  
Рима ӘБЕУОВА  
Бақытгуль АБАЙҚЫЗЫ

Корректоры:  
Сымбат НҰРХАЙДАРОВА  
Наталья ВАРНАВСКАЯ

Дизайнер:  
Адил ШЕРИМБЕТОВ

Газета «Әскери зәңгер»  
общественного объединения  
«Альянс военных юристов»  
зарегистрирована 10 ноября 2016 года в  
Министерстве информации и коммуникаций  
Республики Казахстан  
Свидетельство № 16213-Г.



Мнения авторов не всегда  
выражают точку  
зрения редакции. Рукописи и фотографии не  
рецензируются и не возвращаются.  
Газета выходит 1 раз в месяц.  
Цена договорная.

Адрес редакции: РК, 010000, г Алматы,  
Бостандыкский район,  
улица Жарокова, дом 210 Б, офис 213

Тел/факс: 8(7172)25-21-63  
E-mail: info@sarbaz.kz  
Газета издается в типографии  
АО «Алматы-Болашак», г. Алматы,  
ул. С.Муканова, 223-Б.

Объем - 8 полос, Офсетная печать

Индекс 64687  
Тираж 179  
Номер заказа №6